



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ

Жас ғалымдардың 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы (БҒМ ҚР)

Жобаның атауы, ЖТН	АР13068618 «Қазақстан Республикасының мәдени мұра нысандарын танымал ету және ішкі туризмді дамыту үшін пайдалану мүмкіншілігі»
Іске асыру мерзімі	2022-2024 жж.
Жоба жетекшісі	Кадырбекова Динара Сериковна - PhD докторы
Өзектілігі	Бұл жобаның негізгі идеясы қазақстандық мәдени мұраны сақтау және насихаттау және оны елдің ішкі туризмін дамыту мақсатында пайдаланудың мүмкін жолдарын іздеу болып табылады. Бүгінгі таңда мәдени мұраны әлемдік деңгейде де, ұлттық деңгейде де қорғау және насихаттау ерекше назар аударуды қажет етеді. Жоба Қазақстан Республикасының «Мәңгілік ел» идеологиясының қағидаттарына сүйене отырып, «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының мәдени мұраны сақтау және мәдени-ағартушылық ортаны дамыту жөніндегі маңызды идеяларын жүзеге асыруға бағытталған. Жоба аясында ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының мәдени мұра объектілері, сондай-ақ туристік әлеуеті мен тартымдылығы жағынан республикалық маңызы бар нысандар зерттеледі.

Жобаның мақсаты	Жобаның мақсаты – ішкі туризмді ілгерілету және дамыту үшін мәдени мұра нысандарын пайдалану жолдарын әзірлеу және енгізу
Күтілетін нәтижелер	- «Қазақстанның мәдени мұрасы» туристік маршруттар желісін дамыту - Қазақстан аумағында орналасқан дүниежүзілік және республикалық маңызы бар мәдени мұра объектілерінің туристік каталогын қалыптастыру - «Қазақстанның мәдени мұрасының объектілері» тақырыбы бойынша МООС курсын дайындау
Қол жеткізілген нәтижелер	- Қазақстан Республикасының мәдени мұрасының бар объектілері зерттелді, олар туристік тартымдылық тұрғысынан талданды. - туристердің қызығушылықтары мен қалауларын, сондай-ақ олардың бар мәдени мұра объектілері туралы хабардар болу деңгейін зерттеу үшін социологиялық зерттеу жүргізілді. Сауалнама Google Forms негізінде қол жетімді (https://forms.GLE/L1yxLvVsWeEvCxf59), сілтеме туристік фирмалардың сайттарында орналастырылған (E-Visa.kz, Visit East Qazaqstan, «Voyage» Өскеменде, ft_kazast) және әлеуметтік желілерде.
Жарияланған ғылыми жұмыстардың тізімі	-
Зерттеу тобының мүшелері	Кадырбекова Динара Серікқызы – PhD докторы, аға оқытушы (Қазақ спорт және туризм академиясы). WFTGA (Дүниежүзілік туристік гидтер қауымдастығы федерациясы) Жібек жолы мұрасының гидтерін дайындау бойынша нұсқаушы, 3 санаттағы гид-экскурсовод. Қасенәлі Айбар – PhD докторы «6D020800 - Археология және этнология» мамандығы бойынша, Мәдени мұра бойынша еңбектері бар, туристерді тарту мақсатында Маңғыстау облысының ескерткіштері бойынша 3D модельді виртуалды турлар дайындау, ғылыми-танымдық монографиялар, әдістемелік құралдарының авторы, бірегей жобаның жетекшісі соның бірі «ARCHAEOLOGY.KZ» Евлоева Аза Султановна – туризм магистрі, «Туризм» ББ 3-ші курс докторанты (Қазақ спорт және туризм академиясы), Эразмус жобасындағы жұмыс тәжірибесі+ Білім берудегі онлайн-құралдар бойынша қолданбалы ғылымдар университеті, Тампере, Финляндияда тренингтен өткені туралы сертификаты бар.

	Бейкитова Альбина Нурахмятовна – география магистрі, «География, қоршаған орта және қызмет көрсету» бағдарламасының аға оқытушысы (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті). Дюсекеева Еркегүл Талғатқызы – туризм магистрі, «Туризм» ОП (Қазақ спорт және туризм академиясы) 1 курс докторанты.
--	--